

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы – Компания қызметкері және өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асырады. Ол қызметке ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және қызметінен босатылады, әрі функционалдық тұрғыдан ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді. Корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімі, функциялары және бюджеті ҚМГ Директорлар кеңесімен айқындалады. Корпоративтік хатшының қызметі ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен және ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған Корпоративтік хатшы туралы ережемен реттеледі. Ол өз қызметін тәуелсіз негізде жүзеге асырады және ҚМГ-да өзге функциялармен қатар атқармайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеті – ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-ның өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қамтамасыз ету.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін толық қамтамасыз етуді, акционерлер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дағы корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы – өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін компания қызметкері. ҚМГ Корпоративтік хатшысының байланыс деректері ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған.



Шәріпов Дамир Валерьевич

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туған күні: 1980 жыл 22 қаңтар.

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «халықаралық құқық»
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Іскерлік әкімшілік шебері» бағдарламасы (MBA), мамандығы – «менеджмент»
- сертификатталған корпоративтік хатшы, корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер, Samruk Business Academy тренери.

Жұмыс тәжірибесі

- 2001–2007 – Атырау облысындағы Теңіз кен орнында түрлі лауазым атқарды
- 2007–2012 – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ
- 2012–2014 – ҚМГ және «ҚазТрансГаз» АҚ
- 2015 жылғы 5 қаңтарынан бастап – ҚМГ Корпоративтік хатшысы
- 2023 жылғы 24 қарашадан бастап – Орталық Азия Корпоративтік хатшылар қауымдастығының құрметті мүшесі

Директорлар кеңесінің комитеттері

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелері комитеттер жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды жан-жақты қарау мен талдауға ерекше назар аударады. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттері тиісті шешімдер қабылдау үшін ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді. Комитеттердің құрамына ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді, олардың басым бөлігі — тәуелсіз директорлар, ал комитет төрағалары да тәуелсіз директорлар. 2024 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет, Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта және

орнықты даму жөніндегі комитеттің құрамына дауыс беру құқығынсыз сарапшылар енгізілді. 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен Тағайындау мен сыйақы жөніндегі комитеттің және Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің құрамындағы сарапшылар (дауыс беру құқығынсыз) қайта сайланды. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері мен ҚМГ менеджменті арасындағы өзара іс-қимыл ашық және адал жұмыс қатынастарына, сондай-ақ жоғары деңгейдегі өзара құрметке негізделген. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау барысында комитеттер ҚМГ Басқармасына конструктивті сын айтып, қандай да бір үстемдіктің болмауын қамтамасыз етеді және ең маңызды мәселелерді жан-жақты талқылауға жеткілікті уақыт бөледі. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері ҚМГ-ның [2023 жылға арналған жылдық есебінің 238-бетінде сипатталған](#).

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің есебі

Тағайындау мен сыйақы жөніндегі комитеттің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылғы қыркүйектен бастап Комитет төрағасы.
2. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі.
3. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылғы тамыздан бастап Комитет мүшесі.
4. Шәкіров Асқар Оразалыұлы – 2024 жылғы ақпаннан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері – Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі. Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сыйақылары, сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар – кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және

2025 жылы Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің

16 отырысы

өтті

өз бағытында Компанияның стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тұрақты негізде ҚМГ-ның сабақтастық жоспарына / кадрлық резервіне енгізілген қызметкерлермен жүргізіліп жатқан жұмыстар, ҚМГ-ның атқарушы органына кірмейтін жоғары әлеуетті қызметкерлерді дамыту және ҚМГ-да таланттарды басқару бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап отырды.

Есепті кезеңде тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет ҚМГ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатын бекіту туралы мәселе бойынша тиісті ұсынымды қарады және әзірледі.

Комитет 2025 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

<p>Сабақтастықты жоспарлау</p>	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ-ның сабақтастық жоспарына / кадрлық резервіне енгізілген қызметкерлермен жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы, ҚМГ-ның атқарушы органына кірмейтін жоғары әлеуетті қызметкерлерді дамыту және ҚМГ-да таланттарды басқару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің корпоративтік басқару мәселелері бойынша оқуға деген қажеттілігі (халықаралық және/немесе ұлттық стандарттар бойынша сертификаттар алу мақсатында) ҚМГ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директорын сайлау ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарын қызметке тағайындау «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа мүшесін сайлау «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС Байқау кеңесі мүшелерінің және төрағасының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және оларды сайлау «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС Байқау кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату / жаңа мүшелерін сайлау ҚМГ цифрлық даму департаментінің директорын қызметке тағайындау ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарында, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарында кадрлық тағайындауларға қатысты бірқатар мәселелер ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің маманы Сания Әділқызы Мықтыбекованың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату ҚМГ Басқарма мүшесіне тәртіптік жаза қолдану ҚМГ Басқарма мүшелерінің жеке даму жоспарларының орындалуы туралы есеп ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің 2024 жылғы қызметі туралы есеп ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
<p>Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын диагностикалау бойынша консультациялық қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшелікті қарау ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдарын бағалауды, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы схемасын жаңа редакцияда, ҚМГ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту және Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдарын бағалауды жаңа редакцияда бекіту ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің және ҚМГ Омбудсмені – Омбудсмен қызметінің басшысы лауазымдарының бағалауын қарау ҚМГ Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Корпоративтік хатшы қызметі және Омбудсмен – ҚМГ Омбудсмен қызметінің басшысы лауазымдарының бағалауын бекіту ҚМГ-ның кейбір басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталарын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін жаңа редакцияда бекіту; ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарының (корпоративтік даму бағыты бойынша) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері картасын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту; ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарының (газ жобалары және төмен көміртекті даму бағыты бойынша) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері картасын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін күшін жойған деп тану ҚМГ Басқарма төрағасының корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері және ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталары бойынша 2024 жылғы қорытынды нәтижелілікті бағалау ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу ҚМГ Басқарма төрағасының корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндері, сондай-ақ ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталары мен олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін жаңа редакцияда бекіту ҚМГ Корпоративтік хатшысының 2025 жылдың төртінші тоқсанына арналған мақсаттарын бекіту ҚМГ Басқарма төрағасының корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері мен олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін, сондай-ақ ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталары мен олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту ҚМГ омбудсменінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері картасын және олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту ҚМГ Омбудсмені – Омбудсмен қызметінің басшысына 2026 жылға арналған мақсаттарды бекіту «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері бойынша (бас директор – Басқарма төрағасының мотивациялық көрсеткіштері) 2024 жылғы қорытынды нәтижелілікті бекіту және 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша бас директорға (Басқарма төрағасына) сыйақы төлеу

<p>Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директорының (Басқарма төрағасының) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері болып табылатын корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштерін және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директорының (Басқарма төрағасының) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері болып табылатын корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштерін және олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту ҚМГ Омбудсменінің 2025 жылғы қызмет қорытындылары бойынша есебін қарау (ҚМГ Омбудсмен қызметінің 2025 жылғы жұмыс жоспарының орындалуы және атқарылған жұмыстар туралы есеп) 2025 жылдың 11 айы ішінде келіп түскен өтініштер мен еңбек даулары бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелерін қарау (ҚМГ Омбудсменінің 2025 жылдың төртінші тоқсанына арналған мақсаттары) ҚМГ Омбудсменінің қызмет нәтижелерін бағалау және қолданыстағы омбудсмен – Омбудсмен қызметінің басшысының өкілеттігін ұзарту арқылы омбудсменді қайта сайлау ҚМГ Омбудсменінің 2025 жылдың төртінші тоқсанына арналған мақсаттарын бекіту ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің және ҚМГ корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, төрағасы мен мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау тәртібін бекіту ҚМГ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерін еңбекақы қоры бойынша үнемделген қаражат есебінен сыйақымен көтермелеу.
<p>Тиімді кадр саясатын, еңбекақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2025–2026 жылдарға арналған кәсіби даму бағдарламасын бекіту ҚМГ Басқарма төрағасының лауазымдық нұсқаулығын және ҚМГ-ның CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарының лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін жаңа редакцияда бекіту ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгеріс енгізу және ҚМГ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатын бекіту ҚМГ-дағы CEO-1 лауазымдарына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгеріс енгізу және ҚМГ компаниялар тобына кіретін заңды тұлғалардың атқарушы органдары басшыларын іздеу және іріктеу, тағайындауды (сайлауды) келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін толықтыру, сондай-ақ жаңа редакцияда: ҚМГ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын; аталған қызметтердің лауазымдық жалақы схемаларын; ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтерінің штаттық кестелерін; аталған қызметтердің қызметкерлерін бағалау қағидаларын бекіту, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау ҚМГ Басқарма мүшелерінің 2025 жылға арналған жеке даму жоспарларын қарау 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ Омбудсмені – Омбудсмен қызметінің басшысына төленетін сыйақы мөлшерін айқындау ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу және ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясаты мен қағидаларының күшін жою ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу және ҚМГ ішкі аудит, комплаенс, корпоративтік хатшы және омбудсмен қызметтеріне персоналды қабылдау және бейімдеу қағидаларын бекіту, сондай-ақ осы қызметтерге персоналды іздеу, іріктеу және таңдау қағидаларының күшін жою ҚМГ Омбудсмен қызметінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Комитет мүшелерінің 2025 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының күні мен номері

Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2025 - 04.02.2025	2/2025 - 05.02.2025	3/2025 - 03.03.2025	4/2025 - 30.03.2025	5/2025 - 15.04.2025	6/2025 - 20.04.2025	7/2025 - 13.05.2025	8/2025 - 20.05.2025	9/2025 - 23.05.2025	10/2025 - 03.06.2025	11/2025 - 01.07.2025	12/2025 - 04.08.2025	13/2025 - 09.09.2025	14/2025 - 07.10.2025	15/2025 - 02.12.2025	16/2025 - 17.12.2025	Қатысу үлесі, %
Холланд Филип Малкольм	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	94
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

Стратегия және портфельді басқару комитетінің есебі

2025 жылы Стратегия және портфельді басқару комитетінің 12 отырысы өтіп, 122 мәселе қаралды.

Стратегия және портфельді басқару комитетінің құрамы (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы — 2024 жылғы маусымнан бастап Комитет төрағасы;
2. Холланд Филип Малкольм — 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;

4. Отыншиев Елжас Мұратұлы – 2023 жылдың шілдесінен бастап Комитет мүшесі;
5. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамыз айынан бастап Комитет мүшесі;
6. Шәкіров Асқар Оразалыұлы — 2024 жылдың ақпанына бастап Комитет мүшесі.

2025 жылы Стратегия және портфельді басқару комитетінің

12 отырысы өтті

2025 жылы комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының күні және номері

Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2025 - 05.02.2025	2/2025 - 04.03.2025	3/2025 - 15.04.2025	4/2025 - 13.05.2025	5/2025 - 03.06.2025	6/2025 - 01.07.2025	7/2025 - 04.08.2025	8/2025 - 09.09.2025	9/2025 - 07.10.2025	10/2025 - 20.10.2025	11/2025 - 02.12.2025	12/2025 - 18.12.2025	Қатысу үлесі, %
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Холланд Филип Малкольм	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	83
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шакиров Асқар Оразалиевич	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Отыншиев Елжас Мұратұлы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0

Комитет 2025 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Даму стратегиясы, оның ішінде қызметтің басым бағыттары

- ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп
- ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есеп
- Әлемде қолданылып жатқан және ҚМГ компаниялар тобының кен орындарында пайдаланылатын өндіру технологиялары, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобының көмірсутектерді өндіру технологияларын жетілдіруі мен инновациялар туралы ақпаратты қарау
- ҚМГ-ның стратегиялық қаржы-экономикалық моделін әзірлеудің ағымдағы мәртебесі туралы мәселе
- Жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы практикалық шешімдерді ҚМГ өндірістік процестеріне енгізу жөніндегі Жол картасын бекіту туралы, оның периметріне ҚМГ және 14 ЕТҰ кіреді, ол: барлау мен өндіруден құн тізбегінің барлық кезеңдерінде тиімділікті, қауіпсіздікті және орнықтылықты арттыруға бағытталған ЖИ-технологияларды дамыту және енгізу жөніндегі іс-қимыл жоспары тасымалдауға және сатуға дейін; болжамды аналитикада, ұңғымалардың цифрлық егіздерін құруда, бұрғылауды автоматтандыруда және шығарындыларды басқаруда ЖИ нәтижелілігіне қол жеткізу.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру

- 2024 жыл қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат
- 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыруға жүргізілген мониторинг пен талдау нәтижелері туралы есепті қарау.

Қаржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету

- ҚМГ-ның 2024–2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы 2024 жылғы есепті қарау
- ҚМГ-ның 2026–2030 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту
- ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 1 қарашадағы шешімімен (№22/2023 хаттама, №9 мәселе) айқындалған ҚМГ облигацияларын шығару шарттарына толықтыру енгізу, ҚМГ облигацияларын ішінара кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) және олардың ішінара кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) бағасын айқындау
- Облигацияларды шығару (шығарылымдар) және орналастыру шарттарын айқындау, облигацияларды шығару, сондай-ақ құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына (базалық сценарий) сәйкес айқындалатын бағам бойынша теңгемен 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлкі ҚМГ-ның иеліктен шығаруына (немесе шығару мүмкіндігіне) әкелетін мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешімді келісу
- 2047 және 2048 жылдары өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) және олардың кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) бағасын айқындау, сондай-ақ ҚМГ-ның мүдделілік бар мәмілелерді – Offer to Purchase (сатып алу туралы ұсыныс) және Dealer Manager Agreement (дилер-менеджер қызметтерін көрсету туралы келісім) жасасуын қарау.

Активтер портфельін басқару

- «Қашаған», «Қарашығанақ», «Теңізшевройл», «Қаламқас-теңіз / Хазар» жобалары бойынша ақпарат
- Мұнай-газ-химия кәсіпорындарын (зауыттарын) салу және пайдалануға беру жобаларын іске асыру мәртебесі, оның ішінде «PetroChem» ЖШС – «Полиэтилен», «Газ сепарациялау кешені», «Магистральды құбырлар»; Атырау облысындағы интеграцияланған газ-химия кешені «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС жобаларының құрылыс барысы
- «Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу» жобасын іске асырудың ағымдағы мәртебесі
- Стратегиялық емес активтерді шығару жөніндегі жол карталарын бекіту
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы құрылымынан 2023–2032 жылдары шығарылуға жататын ҚМГ стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту
- ҚМГ-ның «Болашақ» жер қойнауын пайдалану жобасы бойынша инвестициялық жобасын келісу, Маңғыстау облысында (ішінара Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан) «Болашақ» жер қойнауы учаскесінде күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында жасалатын келісімшартты бекіту
- «Жылыой» жобасын іске асыру үшін ҚМГ мен CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED арасында бірлескен қызмет туралы келісім мен қаржыландыру туралы келісім жасасу, «Zhylyoi Operating» ЖШС-ні құруға ҚМГ-ның қатысуы, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Жылыой» жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіру туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED арасында келісімшарт жасасу; сондай-ақ ҚМГ-ның мүдделілік бар мәміле – ҚМГ, CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED және «Zhylyoi Operating» ЖШС арасындағы бірлескен қызмет туралы келісімге қосылу туралы шарт жасасуы